

**А.Т. Қажыбай<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессор-ассистенті, КеАҚ Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: [yannon-fiction@yandex.kz](mailto:yannon-fiction@yandex.kz)

**М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ  
ОБРАЗЫНЫҢ СОМДАЛУЫ**

*Мақалада М. Әуезовтің еңбектеріндегі Құнанбай жайлы деректер бұрынғы-соңғы зерттеулермен байыппен салыстырылып, роман-эпопеядағы Құнанбай бейнесі тарихи шындық пен көркемдік шешім тұрғысынан зерделеніп, тарихи түптұлға мен кейіпкер мәселесі пайымдалады. Құнанбай образын жасаудағы М. Әуезовтің шеберлігі әлем әдебиеті классиктерінің поэтикалық тәжірибесімен салғастырыла-салыстырылып, тарихи шындық пен әдеби көркем шындық арасындағы өзара байланыс және айырмашылықтың арақатынастары айқындалып, аналитикалық және синтездік сипатта талданады.*

*Еңбекте сонымен қатар, Құнанбайдың өмірі мен қызметі өз заманының шындықтарымен сабақтастықта, жан-жақты кешенді түрде зерттелініп, сол заманның ерекшеліктері, олардың Құнанбайдың тіршілік болмысына еткен әсері, сол дәуірдегі патша шенеуніктерінің Құнанбай жөніндегі таным-пікірлері, ой-толғамдары да қарастырылады. Келтірілген деректер мен Құнанбай, оның замандастары туралы әңгімелердің эпопеяда суреттелу, көрініс табу жолдары, өмір шындығы көркемдік шындыққа айналдырудағы, автордың шығармашылық психологиясы, кейіпкердің характерін ашудағы жазушы шеберлігіне көркем мотивировкасы мен себептеріне баса назар аударылады.*

*Кілт сөздер: роман-эпопея, образ, эпикалық бейне, тарихи роман, тарихи шындық, тарихи тұлға, диалог, полилог, конфликт, психологиялық талдау, көркемдік шешім*

**НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

М. Әуезовтің роман-эпопеясының ең басты ерекшелігі – бұл шығарманы автордың ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық қатынастарының мәніне терең бойлап көптеген құбылыстарды көрсетуде шын мәніндегі тарихи құжаттарға арқа сүйей отырып суреттеуінде. М. Әуезов осы міндетті тамаша орындап шыққан, демек қажетті идеялық көркемдік концепцияны дәл тапқан. Тарихи шындықтан көркем шығарма туғызу үшін ең әуелі жазушыға материал керек. Ол үшін сол дәуірдегі алам тағдырын қазу, қопару қажет.

Бұл әлем классиктерінің басында болатын жағдай. Басқасын айтпағанда, жұрты басқа, елі бөлек, шалғайда жатқан ғалымдардың ішінде шығыс жұлдыздары Науаи мен Жәми туралы өшпес мұра қалдырған ғалымы Бертельстің үлкен лабораториясы болған, ол материал әбден жиналып бітпей өзі де жазуға кіріспеген, өзгеге де жаздырмайтын болған. «Тарихи роман туралы мен тарихи документтердің негізінде ғана ойлай аламын. Менің жеке өз басым қайткен күнде де документті «сипап» көруге, оны өз қолыммен ұстап сезінуге, өз көзіммен көруге өте-мөте құштармын. Мен тап сонда ғана сезінемін, ол менің творчестволық санама сонда ғана жетеді» [1, 123-124], – деген О. Форш ойы да онымен ұштасып жатады.

Әңгіме материалда, ол жиналып біткен соң арғы жағы жазушы қиялының ұшқырлығы мен қарымдылығында: ұлылар ұлыларша, басқалары қолынан келгенінше ойдан шығарып образ жасайды, әрбір кейіпкерлерін сомдап алады, солармен бірге бөтен дүниеге еніп, бірге тіршілік ете бастайды, оның ақыры қарапайым пенде сене бермейтін сиқырлы дүниеге

айналып шыға келеді. «Маңым толған адам – өз қаһармандарым, маза бермейді...» деп, Гончаровтың айтқанындай болып шыға келеді. Тургеневше келсек, «Әйтеуір өз қаһармандарым өзіме қашан ескі, жақсы таныс боп алмай, өзін көзіммен көріп, үнін құлағыммен естімей, қалам түртпеймін» болып шығады. Айта берсе тіпті көп. Бальзак, Бомарше, Толстой, Чехов, Ибсен, тағы-тағы жалғасып кете барады. Роман-эпопеясын жазуды бастағаннан-ақ М. Әуезов те осындайларды бастан кешті. Айналып келгенде шығармашылық фантазиясыз болмайды; ойдан шығару шындықтан шалғай жатқан оқыс нәрсе емес, сол шындықты сұрыптау, саралау, өзі таңдаған тұлғасын әрі жинақтау, әрі даралауға образ, көркем бейне жасауға алып барады. Роман-эпопеядағы түнгі жұлдыздай самсаған образдар ішіндегі Құнанбай образының дүниеге келуінде сыр көп.

## КІРІСПЕ

Құнанбай – эпикалық бейне; кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекетімен тұтас көрінеді, әрі толық жинақталған, әрі әбден дараланған тип. Ол сөйлеген сөз тек Құнанбайға тән, ол істеген іс тек Құнанбайдың ғана қолынан келеді, қай жағынан алғанда да көз алдында тек Құнанбай тұрады. Эпопеяның фабуласы әуелі Құнанбай образын жасауға, одан кейін онымен бір жағынан генетикалық, бір жағынан көркемдік байланыстағы Абай образын жасауға құрылған фабула. Бұл тұста көрнекті әдебиеттанушы А.Г. Цейтлиннің: «Самым широким источником фабулы является современные писателю действительность, бытовой уклад и отдельные реалии, свидетелем которых он является. Чрезвычайно полезно в основу положить факт действительной жизни» [2, 345], – деген байламы дөп келіп тұр. Демек, бай фабуланың кайнар көзі тарих, екіншіден сол ортада автордың болуы, оны ел жұртқа үшін жазушыдан шеберліктің болуы, үшіншіден, автордың шығармасында сол материалдарды молынан орынды пайдалануы. Осының бәрін тарих қозғалысына, қоғамдық өзгерістерге байланыстыра отырып, М. Әуезов роман-эпопеясын жазуда кемеңгерлікпен қолдана білді.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Әлем әдебиетіне үңілсек, әдебиет пен өнер жайында айтылған әр алуан тұжырымдардың ішінде роман жайлы, соның ішінде тарихи роман жайлы, ондағы көркем образдардың жасалуы жайлы айтылған ойлар да, сөздер де орасан көп. Мақалада талдау, зерттеу, салыстыру әдістер негізге алынды.

## ТАЛҚЫЛАУ

Француздың ұлы романисі О. Бальзактың «Өнер дегеніміз шындықтың шығармашылықпен өңделіп бейнеленуі» [3, 216], – дегеніне түсінік беріп жатудың өзі артық. Сонда бұл қай өнер, қандай шындық туралы? – деген сауал еріксіз ойға оралады. Осы тұжырымдарды кеңестік дәуірдегі өнерге, роман және тарихи роман жанрына, ондағы тарихи және көркем образдардың жасалуына телуге келе ме? Қиын заманда жанайқайы қиналыстан туған шығармаларға әлемге ортақ тұжырымдар тұрғысында пікір айтудың өзі ретсіз. Дегенмен, кеңестік идеология соның бәрін күшпен иіп әкеліп, өз дегеніне көндіріп отырды. Әйтпесе М. Әуезов өз туындысы жайлы «Абай кезіндегі қазақ даласында күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым», – дегенді айтпауы мүмкін еді. Қайдағы «ескі» десек, бұл Құнанбай дәуірінен жарты ғасыр өткен соң дүниеге келген ұғым, «жаңа» заманның әкелген жалған ұғымы. Құнанбай дәуірі кер заман толқынының өз ағысымен ағып жатқан кезі, көне ұрпақты жаңа ұрпақтың жаңарту процесі – тарихи да заңды құбылыс. «Демек, Құнанбай образы идеялық жағынан алып қарағанда, сол дәуірде қазақ даласына орыс халқының мәдениеті арқылы еніп келе жатқан, келешегі зор жаңаның жолындағы кедергіні – ескіні көрсету нәтижесінде туды» [4] – дегені бәлкім, басқа арнаға түсіп кеткен өз шығармашылығы жайлы амалсыз айтқан сөзі де шығар. Осы орайда

орыс әдебиетіндегі И.С. Тургенев жасаған «Әкелер мен балалар» романындағы ескі мен жаңаның тартысына келсек, ол мүлде бөлек дүние, бұл – уақыттың өтуі нәтижесінде ескіні жаңаның заңды ауыстыруы, феодализм батпағынан әрең шыға бастаған орыс капитализмінің айқын көрінісі.

Өйткені, кейіпкер Құнанбай мен тарихи тұлға Құнанбайдың өмірі, жеке басына қатысты оқиғалардың өзі өмір сүрген заманының тарихи шындығымен салыстыра талдау ұлы шығарманың түпкі көркемдік мақсатын терең түсінуге мүмкіндік береді. М. Әуезовтің өзі де бұл мәселеге ерекше көңіл бөлген. 1933 жылы жарияланған «Абайдың туысы мен өмірі» атты зерттеуінде: «Біздің мақсат – осы қарастырылатын адамдардың барлығының өмірін бізден алыс заманда, бүгінгі өмірімізден бөлек күй, бөлек шарт, бөлек тарихи дәуірде бүгінгіден бөлек болғандығын анық көрсету. Сондықтан біздің міндетіміз – қаралау емес, бүгінде анығын білгісі келген жұртшылыққа Құнанбайдың дәл пішінін көрсету. Бұл сөздің басын Абайдың жайы деп алып, Құнанбай жайын көп таратып айтып кетсек, солай болуына себеп болып отырған да – осы міндетті көп ойлағандық», – деп жазды [5, 111].

Жазушы Құнанбайдың тарихи тұлғасын көркем образға айналдыру барысында да оның мемлекеттік адам екендігіне ерекше мән беріп, жағымсыз кейіпкер ретінде емес, аса күрделі тарихи-трагедиялық бейне ретінде бейнелеуге ұмтылған. Абаймен Құнанбай арасындағы қатынасты қоғамдық қайшылықтар дәрежесіне көтеріп көрсетті.

Құнанбайдың көркем бейнесін жасауда жазушы тарихтағы болған оқиғалар мен оларға қатысты болған адамдарды дәл сол күйінде көркем шығармада пайдалана бермеген. Мысалы, Қодар жайлы әнгімелердің бәрін тәптіштеп баяндай бермеген, оқиғаға қатысты адамдардың кейбіреулері өзгертіліп, оқиғаның өрбуінің өзін жібірін жатқызып баяндап, Қодарды аянышты көрініспен суреттеген. Сондықтан да Абай жайлы романдар аяқталған кезде жазушыға көптеген сұрақтар, пікірлер келіп түсіп жатты. Көркем шығарма көркем бояулармен, сол романда айтылып отырған негізгі оқиғаға байланысты жазушының өзінің бағыты мен өзінің қиялынан туған көркемдікпен әсерлі етіп жазылады. Тарихи шындықты көрсету үшін көркемдік әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жазушының өз қиялымен де өзгерістер туғызуы заңды құбылыс. Жазушының көркем шығармадағы көркем образдарды жасауда өзінің белгілі бір мақсатты ойы, бағыты шарықтауға тиіс. Абай жайлы романдар аяқталып, түрлі тілдерге аударылып, бағасын алып жатқан кезде 1959 жылы М. Әуезов роман жайында, оның жазылу мақсаты турасындағы ойын: «Романдарымды жазған кездерімді еске алғанда, менің есіме ең әуелі, Қодарды жазалау көрінісі түседі. Менің жоспарым бойынша бұл көрініс кітаптағы орталық қақтығыстарға эмоциялық кілт болуға тиіс еді. Әуелі мен бұл көріністі елге тарап кеткен (әсіресе Құнанбайға туыс ауылдарда) версияға сәйес көрсеткім келді. Оған байланысты Қодар әділ жазаланған болатын. Бірақ, тарихи материалдарды зерттеуге сын көзбен тереңдей отырып, мен жағдайдың шын мәніне бардым. Осылайша мен Құнанбайдың Қодар мен оның туыстарынан тиісті жерді тартып алуға көз тіккенін ұқтым.

Бұл факт маған Құнанбайдың жаңа бейнесін ашты. Жағымсыз көрінісін психологиялық қақтығыста және барынша көптің көз алдына елестетуге мүмкіндік жасады [6].

Автор өзінің шығармасында көркемдік шындыққа жету жолын тарихи оқиғалармен тарихи тұлғаларды түрлендіру шеберлігінде түрлі бейнелеу тәсілдерін, портрет, диалог, полилог арқылы кейіпкерлердің мінезін ашуға пайдаланады.

Портрет жасаумен қатар кейіпкерлер характерін ашып, оқиға желісін қоюландыра түсуде М. Әуезов диалог, полилог құрудың шебері. Осы арқылы роман-эпопеяның бірінші кітабында Құнанбай және оның жақтастары мен қарсыластары арасында көптеген мәселелер ортаға түсіп, бірде шешімін тауып, бірде бітіспес дауға айналып отырады.

Диалог – адамды, қоғамды, табиғатты кейіпкерлер тағдырынан сыр қозғау арқылы танытудың құралы. Мысалы, роман-эпопеяда нақты келтірілмеген, бірақ естеліктер бойынша үлкен оқиғаға қозғау салған Құнанбай мен Барақ сұлтан арасындағы оқыстан туған диалогтан күтпеген жаңалықтың беті ашылады. Қодар ісі туралы құпия сырдың ұшы шығып, аяғы үлкен трагедияға айналады немесе Құнанбайдың өзі алдынан кесе өтпей, құрмет тұтқан Алшынбай би романда көбінесе диалог арқылы көрініс береді. Диалог – кейіпкерлер

арасындағы байланыстың деңгейін айқындайды, адамгершілік парасатты сездіреді. Бұл тұрғыда ұлттық салт-сананы берік ұстанған ақылгөй би Алшынбай сөздерінен оның есті қауым өкілі екені үнемі бой көрсетіп отырады, Құнанбай және оның мықты қарсыластарының (Бөжей, Байсал, т.б.) ойын, іс-әрекетін ол күндік жерден сезіп отырады. Алшынбайдың ісіне сөзі сай текті жан екені елді татуластыруда, үлкен дауларда байлам айтуда айқын көрінеді.

Ұлттық характерді сомдауда диалогтың көркемдік компонент ретіндегі орны ерекше. Өйткені онда кейіпкердің тілдік сөйлеу ерекшеліктері орынды қолданылады. Сол арқылы кейіпкердің ойлау қабілеті, әлеуметтік тегі, қоғамдық бейнесі, алған тәрбиесі, болмысы байқалады. Роман-эпопеяның бірінші кітабындағы құпия сырларды баяндау көбінесе диалог арқылы берілген. Абай мен Жиренше арасындағы [4, 32] диалогтан жан дүниесі мен Жиреншенің саяз да содыр мінезі көрінеді. Қодар мен Қамқаның көне қыстаудағы диалогінен [4, 33] қорғансыз екі жанның болашақ тағдырының лебі суық желдің ызыңымен қоса есіп тұрғандай сезіледі. Сүйіндік пен Бөжей арасындағы диалогтан [4, 37] қонысқа талас, бітіспей келе жатқан жер дауы көрінеді. Зере мен Құнанбай арасындағы диалогтан [4, 146] елге өктем Құнанбайдың ана алдындағы бір сәт бәсенсіп, шарасыз кейіпке түсуін байқаймыз. Құнанбай образына қатысты басқа диалогтардың бояуы қанық, дифференциалды. Психологиялық талдаудың ұтымды компоненттеріне айналатын тұстары жиі. Құнанбай сөздерінен оның кімге өктем қарап, кіммен аз да болса санасатыны (Алшынбай, т.б.) айқын көрініп отырады. Құнанбай мен Абай диалогінен [4, 147] өктем әке мен азаматтық тұлғасы биіктеген бала арасындағы өресі биік тартысты көреміз. Басқа диалогтардан (Құнанбай мен Майыр [4, 95; 96], Алшынбай мен Майыр [4, 95; 96], Шөже мен бір топ кісі) зілсіз ирония, юморлық ирония, сарказмның ащы ирониясы тағы басқа тәрізді небір халықтың доминиантын ұшыратамыз. Соның арқасында көркем шығарма өмірдің өзіндей шынайы. Сөйтіп, мұндағы диалогтар көбінесе полилогқа ұласып отырады. Полилогта халық тағдыры сынға түскен кезеңдік оқиғаларға байланысты жұрттың пікірі айтылалы. Полилогқа қанша кейіпкер қатысса да, олардың сөзі, мінез-құлқы, әрекеті, адамдық бет-бейнесі, әлеуметтік сана деңгейі, көзқарасы шамаланып, дараланып тұрады. Полилогтың қызметі барынша қомақты, көп қырлы. Көп жеке адамның іс-әрекетін, жағымды-жағымсыздығын, әділетті-әділетсіздігін, ізгі не зұлым қылықтарды бірімен бірі пікір, ой таластыра отырып ашып береді. Олар осындай сарабал да сара тұжырымнан кейін ірі қимылға беттейтін ортақ мәмілеге келмек. Жазушының өзі роман-эпопеяның кілті деп атаған Қодар жазасы алдындағы жас Абай куә болған Құнанбай, Сүйіндік, Бөжей, Байсал, Қаратайлар арасындағы полилогтан [4, 28] біз осыны байқаймыз.

Қодар мен Қамқаны жазалау кезіндегі жүз қаралы жиын арасындағы полилогтан [4, 40] Қодардың ең соңғы жанайқайы, жазалаушылардың оған жала жаба отырып, сөзін тыңдамай, қара бет қылуы, яғни надан елдің қатал жазасының жан төзгісіз қайғылы көріністері айқын көрінеді. Бөжей мен Құнанбайды татуластырушы жиынның полилогынан [4, 110] сол үшін жас сәбиді құрбан еткен қатал шешімді, қазақтың бұрыннан келе жатқан ескі үрдісінің бірін көреміз.

М. Әуезов Құнанбай портретін жасағанда, оның сыртқы келбеті, бет-бейнесі арқылы бүкіл эпопеяға арқау болатын оның іс-әрекетін, психологиясын, жан дүниесін тұтас сомдап келтіріп отыр. Құнанбай портреті сол отырған адамдармен жасаған қарым-қатынасын айқындай түседі. Сонымен, Құнанбай образы ол араласқан диалог сөздерден, жеке адамдармен арадағы қақтығыстардан, араздасу, достасу, түсінісу, келісу, бітімге келу тәрізді түрлі құбылыстардан оның мінез-құлқы арқылы типтік портреті әртүрлі сипатта көрініп, биіктей түседі. Романды оқып отырғанда жазушының әрбір эпизодтағы оқиғалардың, шиеленіскен тартыстардың ақиқат себептерін түсіндіре отырып, Құнанбайды ақтап та отыратыны айқын байқалады. Көркем шығармадағы көркем бейне өзінің көркемдік бояуымен суреттелуі тиіс. Ондағы суреттелген оқиға өмірде болуы да, болмауы да мүмкін, оны жазушы көзбен көргендей етіп бейнелейді. Сондықтан М. Әуезов Құнанбай бейнесін өмірдегі болмысымен де, кей жерлерінде ақиқат өмірдегі қалпынан өзгертіп те бейнелеген.

Эпопеяны оқи отырып, Абайдың жас кезінен бастап өсу жолындағы әрбір қадамына өзінің «әке» атты үлкен ұлағатының барлық қасиетін еккен Құнанбай әке деп білеміз. Құнанбай образын жасауда жазушы оның тарихи ортасының сипатын айқын, халықтық үлгіде жеткізеді. Мысалы, 1868 жылғы «Жаңа Низам» заңдарына байланысты қазақ даласындағы өзгерістер нәтижесінде Құнанбайдың әдеби бейнесі де өзгеріп, жаңа мәнде көрініп отырады. Ел басқару ісінде ендігі беталыс – тізгінді балаларына ұстату. Бұл арада Құнанбайдың әдеби болмыс-бітімі, психологиясы мен мінезі де өзгеріп отырады.

Құнанбай «Адамның қай мінезі қасиеті болса, сол мінезі міні де болады. Жақсылық кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен міні шығатын кез де болатын шығар» дегеннен басқа шешіліп, ішкі сырын, не ойлайтынын сездіре қоймады. Олардың жауабын білмек болған бала алдында жұмбақ күйінде қала берді. Алдыңғы мәжілістес болған Құлыншак, Сүйіндік, Байдалылардай емес, шешендіктен гөрі басқа сыр барлығын көрсетті, олармен салыстырғанда қабат-қабат шың сияқты. Байдалы сөздерінің оралымдары мен ой өрістетулеріне қатты толқып, ширыққан бала енді үлкендердің жаңа, тың қырына кездесті.

Жақсылық табанды адамның қолынан ғана келетінін жазушы Құнанбай арқылы жайдан жай айттырып отырған жоқ. Әлішер Науаи: «Ізгілік – қасиетті іс. Ізгілікті адам бұл қасиетті құдайдан алған. Ерлік, ізгілік – туыс нәрсе, олар егіз. Ондай жақсы (қасиетті) нәрсе бұл дүниеде жоқ. Адамдарда сатқындық бар екеніне көзі жеткен соң, олар адамзат баласынан келместік әлеміне жоғалып кеткен» [7] дегенді айтады. Қай қылығы болса да Құнанбайдың туа біткен қасиеті екеніне қаламгер назарды аударады, ол нені болса да – жақсылық, жамандықты болса да мықтап ұстанатын адам.

Роман-эпопеядағы Құнанбайға қатысты оқиғалардың барлығы дерлік тарихи шындыққа сәйкес келеді. Өз кезінде Құнанбайға қарсы ел билеуге араласып жүрген атқамінерлердің де ірі іс-әрекеттері, теріс мінездері болған. Бөжей, Байдалы сияқты мықтылардың Құнанбайға жасаған қастандықтары кейде шектен шығып отырған. Әсіресе, бүкіл тобықтыны ашса алқанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған Құнанбайдың Бөжей асына шақырылмауы араздық пен Құнанбай тарапынан көрсетілген қатыгездіктің қайтарымы болса да, Құнанбай үшін үлкен соққы еді. Құнанбай образы да ірі оқиғалар айналасында сомдалады. Оны әдебиет сыншылар біржақты талдап, жағымсыз жақтарын баса суреттеп, Құнанбайды катігез жауыз есебінде талдап келді. Ел билеуші болған соң, кезінде Құнанбай біреуге жағып, біреуге жақпауы занды құбылыс. Мысалы, сол талдауларда Қодардың Құнанбай жерін тартып алу үшін өлтіртті деп, оны құлқынның құлы етеді. Шын мәнінде Құнанбай Қодар жазасы туралы көп ойланып, ақ-қараны әбден тексеріп барып, қылмысты қылықтары үшін ауыр жазаға шешім жасайды. Әйтпесе, Құнанбай Қарашоқыны Қодардан бейбіт күнде тартып алса да қолын ешкім қақпайды.

Қодар трагедиясы жайында жазушы өте көп материал жинаған. Солардың ішінде көп әңгіме-естелік айтқан туған атасы Әуез қарт болды. Шыңғыстың қатпар тастарының қыртыс-қыртысына дейін сырын ұққан Әуез қарт сол атышулы оқиғаны Мұхтарға жеткізген. Тағы бір нақты деректер берген аяулы жан Шәкәрім Құдайбердіұлы еді. М. Әуезов өз естелігінде: «Ана төбеден Қодар лақтырылғанын білесің бе? – деп сол елдің бір ақсақалы Қодар өлтірілген жартасты көрсетті» [8, 112], – дейді.

Кінәлі екені де, кінәсіз екені де Қодардың өз сөзіне қарағанда көмескі, жазалаушылар жағынан жорамал, ақ-қарасы анық тексерілмеген, дәлелденбеген. Шын түсінген оқырманға жазушының Қодарды даттап та, жақтап та тұрғаны байқалады. Даттайтыны Қодардың өзін-өзі ақтай алмауы, құдайға тіл тигізуі, өлім алдында да ерегесе түсуі. Жазушы Қодар кінәсіз кетіп барады деп отырған жоқ. Жақтайтыны – надан елдің қатал заңы, еркек түгіл әйелге де рақым жасамай, ел көзінше жабайы түрде жазалауы, дарға асуы, таудан оны лақтыруы – бұл шектен шыққан қатал жаза, көрген көзге, естіген құлаққа жан шошырлық қайғылы оқиға.

М. Әуезов романда: «Бірақ өзі әке мінезін сынағыш болғаннан бері, сол әкеден қорлық көрген елдің қай-қайсысының болса да сөз ұғар деген адамдармен сырласа, сөйлесе, әке мінездері, ел күйі, көптің мұны сияқтыны толық ұғынып, кең түсіне бастаған», – дейді. Бұл

әке мен баланы бітіспес күреске салудың бастамасы еді. Әке мен баланың арасындағы бұл тартысты, қайшы көзқарасты, ел басқарудағы екі түрлі әдісті роман жазылған кезең тұрғысында қарау керек дейміз. Қым-қиғаш тартыстарда, қайшылықтарда жасалған қатал да айлалы әкенің өктемдігі өз баласымен тартысқа тіреліп отыр, өйткені жазушы Құнанбайды «Мен сол заманның Құнанбайымын!» деген деңгейге келтіруі тиіс болды. Өйткені, жазушы романда Құнанбайдың өмірдегі іс-әрекетін айнытпай берсе, роман кезінде алған атақ-дәрежеге жете алмауы сөзсіз. Шындығында, Құнанбай өзінің мақсат-мұратын әрі қарай жалғастырушы баласы Абайды қалт жібермей, өз тәрбиесінде жетілдіреді. М. Әуезов өзінің «Абайдың өмірбаяны» атты монографиясында: «Құнанбай мен Абайдың өмір бойы жауласқан жаулары – Жігітек руы», – дейді. Бұл сөз әке мен баланың мүддесінің де, іс-әрекетінің де бір болғанын көрсетеді. Романның басталуында-ақ баласы Абайды оқудан шығарып алып, ел басқару ісіне араластыра бастауы көреген әкенің баласының бойынан өз келешегін көре білгендігі еді.

Ал оқиғалар барысындағы Құнанбайдың суреттелуін, іс-қимыл, мінездегі көрінісін қалай бағалауға болады; бұрынғы кеңестік дәуірдегі қара бояу қалыңдатылып, жамандық, зұлымдық, қатыгездік атаулы оның бойына үйіліп-төгіліп талдану мен кейінгі кездердегі пәк, таза, ел қамын жеу мен қамқоршысы болудың, оны билеудің үздік үлгісі ретінде талдану арасындағы Құнанбай мен романдағы Құнанбайдың айырмашылығы көп. Мәселен, Т. Жұртбай мен Б. Сапаралының ой-байламдары осыны көрсетеді. Т. Жұртбай: «Адамның бойына біткен жақсы қасиеті оның міні де болып табылады» дегені дуалы ауыз Құнанбайдың өз басына келді. Оның өміріндегі асыл қасиеттері – қаталдығы, ақылдылығы, ғылымға ынтызарлығы, ілгеріні болжауы, бала тәрбиесіне әкелік мейіріммен қарауы керісінше, қатыгездік, ғылымға, оқу білімге шек қоюшылық, ескішілдік, кінәшілдік болып шықты. Осынау қайратты да қатал жанның өз заманына қарай аума-төкпе көңіл-күйі мен жан дүние ашуын Мұхтар Әуезов қалт жібермей, «Құнанбайдың сау көзі оның көтеріңкі жалтұмсығының сол жағына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған» қаһарлы да, сұсты қалыпқа түсіріп, романға енгізді. Жағымсыз образдың жағымсыз кейпін үдете түсіп, бір оқиғадан кейін екінші оқиғаның салмағы мен жазасын ауырлата түсіп, алғыстан гөрі қарғысты қоюлатып, шыңырауға батыра берді. «Мәдениетті елдің етегіне жармаспасақ, жабайылықтан арылмаймыз» деген Құнанбайдың ақыры өз сәуегейлігі өзін тауып, өзіне мін болып жабысты» [9, 286] десе, Б. Сапаралының айтуынша жазушы өзінің ерік-жігерін шектеп-тұсап, таптық көзқарас қағидасында шырмалып қалған. Бұл ойлар сарынын талдап, түсіндіріп жатпаса да болады, нендей мақсаттың көзделгенін осындағы әрбір сөз, ұғымдардың өзі-ақ айтып, сездіріп тұр. Ал романда көрінген, не болмаса суреттелген Құнанбай жөнінде ой толғап, пікір білдірушілердің модасына айналған «дұрыс көрсетілмеген», «дұрыс ашылмаған», «таптық таным-тұрғысынан аса алмаған» деген сияқтылар жоғарыда сөз болған оқиғалар мен басқа да жағдайлар тұсында дәл ондай ойларды туындата қоймайды. Бұлардан ешқандай зұлымдық, жамандық ниеттегі Құнанбай емес, өз мақсат, жолын берік ұстанған Құнанбай ғана көрінеді» [10]. Шындығына келсек, Құнанбайдың патриархалдық-рулық идеологиядан асып кете алмағаны тарихи шындық. Оның қылмысты істері бұрынғысынша, әдет-ғұрып заңдары бойынша да айыпталды, аталастарымен тіл табыса алмауы, оларды өзіне бағынышты, тәуелді етуге ұмтылысы іс жүзінде өте үлкен қайшылықтарға әкеп соғып отырды.

1942 жылы романның бірінші кітабының жарыққа шығуына ерлік көрсеткен ғалым Бейсенбай Кенжебаев алғашқылардың бірі болып, сыны мен пікірін жариялады. «Оқиғалар негізгі екі адамның төңірегінде – бас геройлары Құнанбай мен Абайдың төңірегінде тепе-тең дамып отырады. Барған сайын ұласа, үдей, өрши түседі.

Сөйтіп, шиеленісе-шиеленісе келіп, шыңдала жетіп, ескілік пен жаңалықтың өкілі – әкесі мен баласы айқасып, ескіні жаңа, әкені бала жеңіп аяқталады. Құнанбайдың тұла бойы, мінез-қылығы, іс-әрекеті, ой-ниеті – бәрі зұлымдық, ескілік, ол феодализмнің бел баласы, негізгі тұлғасы» деген таным-талғамын ортаға салды. Ой өрбітушілердің қайсысы болмасын роман мазмұнын, идеясын, құрылысын, тартысын, жалпы бітімін тапқан, жаңағы айтылған

ескі мен жаңаның, әке мен баланың күресіне бөліп ой қозғайтын, талдағанда да осы бағытты ұстанып талдайтын болды. Бұл айтқандарымыз елуінші жылдардың ішінде-ақ көлемді еңбек жазған Айқын Нұрқатовтың «Романдағы негізгі конфликт Абай және ол бастаған еңбекші халық өкілдері мен Құнанбай және оның жолын қуушылар арасындағы тартысқа құрылған» [11] деген сарындағы анықтамаларының өзінен де көрінеді. Жалғыз А.Нұрқатов емес, шығарма болмысына осы тұрғыдан бару бүкіл советтік әдебиеттегі талдаудың дәстүрлі стилі еді, содан ба ол кездерде «жырынды», «залым», «жауыз», «айлакер», «қу» сияқты эпитеттер сөздер жиі кездесетін.

Адамды биік қияға, адамгершілікке, абзал қасиетке, асыл идеалға баулитын Абай ғана емес, немесе Абай бастаған сан типті ұнамды кейіпкерлер ғана емес, бұларға қарама-қарсы типтер, олардың ең оқшау өкілі Құнанбай десек, сол Құнанбайдың өзі қандай зор тәрбиелік рөл атқарып отыр? Эпопеядағы Құнанбай феодализмнің шынжыр балақ жуаны, өшер таптың ашбөрісі, көкжал жыртқыш ғана ма? Қорқау ма? Жоқ, ол біздің мықты тәрбиешіміз» деген академик З. Қабдоловтың, «Көркемдік сомдалуы жағынан Құнанбай образының біздің еліміздің өткендегі әлеуметтік құрылысы тудырған қара түнек, халыққа қарсы күштері туралы Қазақстан жазушылары жасаған образдар арасында теңдесі жоқ туынды» [12, 108]. Сын айтушылардың бірсыпырасында үзіле талданған Құнанбай образының жағымсыз жағы көп айтылады, сол кездегі қатыгездік, әділетсіздіктің, үстемдік озбырлықтың алуан-алуан түрлері оның басына үйіп төгіледі; әр кездің өз ой оралымы, сөз сараптаулары болатыны, бұдан заман кезінің ащысы аңдалады, оларды бағалағанда кінәламай осы жағын ескеріп барып бағалау керек сияқты. Қыз ұзатуға, келін түсіруге, өлікті азалауға, ас беруге, қалың малға, басқа да салттарға ескі әдет-ғұрып ретінде қарап, мансұқ етілуде осы кездер де болды. Қолынан келгенше Құнанбайдың отарлау саясатына қарсы болғандығы деректер арқылы айтылады, ол сарын романнан да байқалады, ал сыншылар бұл жағына ой аудармады.

«Өзі алдына қойған мақсатқа жету жолында тұрғанның бәрін жеңуде оның ақыл-парасаты, икемі оңтайлы, оның жауыздығы шексіз, оның «қаскөйлік» істері шет-шегі жоқ қатігездігінен туады» деген академик М. Қаратаевтың ойларында екі ұдай танымның қырлары бой көтереді. Алдыңғысында бұл бейненің кейбіреулер айтқандай жауыздық, қаскөйлікке суырылып жасалған бейне деп қарамай, жазушының ұстанымына, позициясына жақындаңқырап ой қорытады; Құнанбай бойынан қаталдық та, озбырлық та, жақсылық, ізгілік те табылатынын ескере бермегендіктен, бір жақты танып-бағалауларға ұрындырып жатады. Сынның кейде шығарманың деңгейіне жетпей жатса, кейде кемерінен асып кетіп, шектен шығуы осындай жағдайлардан кейін болады.

Ләйлә Мұхтарқызының пайымдауынша, орыстық тәртіпті ұнатпай, көп жерде қарсы шығып отырған Құнанбай сол арқылы тіршілік етіп, пайда көретін болып шығады. «Жазушының шынайы тарихи фактілерді суреткерлікпен іріктеп алып, оны көркем образ жасауға пайдалана білуі, тарихи шындық пен суреткерлік шындықтың ара қатынасын құра білуі қандай принциптерге негізделгенін қарастыру осы еңбектің міндеті болып табылады» [13, 12] дейді өзінің монографиясында. Бұл, әрине, партиялық әдебиет принципі, социалистік реализм принципі, 1920-30 жылдарда бүкіл совет әдебиетінде, соның ішінде қазақ әдебиетінде дүниеге келген тарихи романдарды салыстыра келіп, ол солардан М. Әуезовтің көп нәрсе алғанын, әлем әдебиетіндегі озық шығармалардан да көп үйренгенін келтіреді.

Орыстың көрнекті жазушысы, М. Әуезовтің замандасы К. Федин: «Халық туралы бізге толық түсінікті жазушы өнері береді... Жас кезімде мен Қазақстан даласында болдым, сол кездегі көшпелі қазақтарды көрдім, әйтсе де Мұхтар Әуезов қана өзінің «Абайы» арқылы менің қазақ халқы туралы білімді толықтырды. Маған далада еркін соққан салқын самал мен таза ауасының жақындығы сондай, бір түрлі мен қазақ болып кеткендеймін», – деп, үлкен азаматтықпен мойындап жазды. Дегенмен, жазушы көркем шындықтың еркіне бағынады. Сол үшін қандай да болсын тәуекелге бекінеді. Оның үстіне дәл Мұхтар Әуезов өмір сүріп, роман-эпопея жазылған жылдарда тарихи деректің денін тәрк етуге тура келді, Құнанбайдың өзін-өзі ақтауына мүмкіндік болмады. Қыр қазағының бойындағы барша қатыгездікті, жауыздықты, кертартпалықты Құнанбайдың қара басына үйіп-төуге тура келді. Соның

өзінде жазушыға тағылған кінә аз болған жоқ. Сондықтан бұрынды-соңды М. Әуезовке Құнанбай бейнесін жасауда кінәлай ренжіген өкпелер орынсыз да. Әсіресе, соңғы бес-он жылдың көлемінде Құнанбайды зерттеушілердің қатары көбірек көрінді; өз ұрпақтарынан Ә. Ысқақұлы, А. Шәкәрімұлы, М. Тұрағұлқызы, М. Әрхамқызы, Б. Ерсәлімұлы тағы басқалар өздерінің ой-пікірлері баспасөзде көрініс тапты, Т. Жұртбайдың «Қазақ әдебиеті» газетінде бірнеше мақалалары жарияланды. Осылар сияқты газет-журналдарда көптеген авторлардың жазғандары жарық көрді. Бұларда Құнанбайдың айтарлықтай қасиетке ие жан екендігі сөз болса, осы орайдағы ойларын кейбіреулер архивтік құжаттарға сүйеніп жеткізді, енді біреулері ел айтуындағы аңыз-әңгімелерден суыртпақтады. Сол жеткізілген, сол суыртпақталған пікір, таным, көзқарастардың әрқилылығы, кейде біріне бірі қайшы келіп жататындығы да байқалады. Әлкей Марғұланның ойынша, Құнанбайдың аға сұлтандығынан алынуы ағайын аралық жанжалдардың өріс алуына, ауыл шабуына, арыз-шағымдардың шектен асуына байланысты емес, Шыңғыс, Тәттімбет, Шалғымбай, Құнанбай болып пара алғыш, ел талағыш Фридрихс, Клейст сияқты ұлықтардың пиғыл-ниет, іс-әрекеттеріне қарсы болғандығынан ғана түскен болып көрінеді.

Ал, соңғы жиырма жыл ішінде Құнанбай өміріне арналып Р. Мұсаұлының «Аға сұлтан» атты хикаяты, Т. Жұртбайдың «Құнанбай мырза» деген драмалық шығармасы жазылды. 1999 жылы жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» деп аталатын роман-хамсасы басылып шықты, «Толғақ», «Жұлдыз құрбандық», «Қызғаныш», «Хақиқат мекені», «Нұрсипат» деген бөлімдерден тұратын шығармада Құнанбайға да айтарлықтай орын берілген. Автор Абайдың не бергені жұртқа белгілі, бірақ өмірден нені алғаны және қалай алғаны жұмбақ; осы тұрғыдан келгенде оның көруі де, сезінуі де, күйініш-сүйініші де өзгеше, ақындық қуат көзі, даналық, философиялық түйіні ғасырдан ғасырға жұмбақ күйінде ауыса береді – роман мақсаты осыларға баруда болғанын айтады. Әрине, М. Әуезов салған шиырды қайта шарлау, қайта басып өз білгенінше жүріп өту оңай міндет емес. М. Әуезов романында бәрі де «қазақтың жарты ғасырлық энциклопедиясы» (Қ. Сәтбаев) деген сөзін қосып-аларсыз жағдайда қамтылады. Осылай болған соң, сол дәуір ғана емес, дәл сол тақырыпқа жарыса бару кім-кімді де ойға қалдырмай, үлкен жауапкершілікті сезіндірмей тұра алмасы анық.

## ҚОРЫТЫНДЫ

М. Әуезов Құнанбай бейнесін кең көлемде жинақтап, оның бойына қазақ халқының көптеген қасиеттерін сыйғызды, ұлттық ерекшеліктің небір қырлары мен сырлары сол арқылы жеткізілді. Бұған қаламгердің ұлт болмысына тән еңбектерді тынбай ізденулері, талдаулары, бақылаулар жасауы, оларды өз бойына терең сіңірулері алып келді. Шығарма өзегіне айналған тарихи деректерді талмай ізденіп, оларды өзінің талғамынан өткізу барысында әлгі ұлттық ерекшеліктер де қоса-қабат жарыса жүрді, ең негізгісі бұларды бұрын-соңды болмаған көркемдік дәрежеде көрсете білуінде еді. Дәуір шындығын да тұтас қамтып, осылармен байланыстыра суреттеу, өмір шындығының қырлары мен сырларын ашу М. Әуезов шығармашылығының принципті ұстамдарының бірі болса, мұның өзі қаламгер шығармашылығына реалистік сипат береді, ол сипат қоғамның негізгі заңдылықтарының соншама көркем, соншама шеберлікпен суреттелуінде жатыр. Осылайша эпопея сюжеті тұтасымен тарихи дамудың шындығына негізделді: халық өмірінің ағымы, ондағы адамдар тағдыры бірімен-бірі сәйкес кең көлемде көркемдікпен жан-жақты көрсетілді.

Заман ауысып, жаңарып, сол жаңарумен бірге өлгеніміз тіріліп, ұмыт болғандарымыз қайта еске түсіріліп жатқан бүгінгі кезеңде, қилы тарихы қайта түлеп, іргелі, өркениетті ел болу сапарына аттанып отырған қазақ елінің зерделі қауымы өзін әлемге таныстырған «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай образының көркем бейнеленуіне тарихи деректер тұрғысынан қарап, заманына қарай ұлы М. Әуезов жасап кеткен бұл образдың теңіздей терең астарына, алдағы уақытта бір ғасыр бұрын ғұмыр кешкен қазақ халқының ардақты



перзентінің бойындағы басқа да асыл қасиеттеріне үңіле отырып, ұрпақ тәрбиесіне телісе демекшіз.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Луговцов Н.П. Творчество Ольги Форш. – Ленинград: «Лениздат», 1964. – 152 с.
- 2 Цейтлин А.Г. Труд писателя [Текст]: Вопросы психологии и творчества, культуры и техники писательского труда. – М.: «Советский писатель», 1962. – 591 с.
- 3 Бальзак О. Собрание сочинений [Текст]: в 15-ти т.: перевод с французского / Оноре де Бальзак; под ред. Н. Немчиновой; вступ. статья А. Иващенко, с. V-XLI. – М.: Гослитиздат, 1951–1955. Т. 10: Человеческая комедия; Т. 10: Сцены парижской жизни; Бедные родственники (Кузина Бетта; Кузен Понс) / пер. с фр. под ред. Н.М. Жарковой; примеч. И. Лилеевой. – 1954. – 756 с.
- 4 Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 22-Том. 1-кітап. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Дәуір»; «Жібек жолы», 2014. – 424 б.
- 5 Әуезов М.О. Абайды білмек парыз ойлы жасқа [Мәтін]: Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы. Оқу құралы / Құраст. М. Мырзахметұлы. – Алматы: «Санат», 1997. – 416 б.
- 6 Ауэзов М. Моя работа над романами об Абасе // «Вопросы литературы», 1959. – №6. – СС. 93–110.
- 7 Навои А. Избранная лирика. – Ташкент: «Издательство ЦК КП Узбекистана», 1978. – 136 с.
- 8 Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10-Том. – Алматы: «Ғылым», 2003. – 456 б.
- 9 Жұртбай Т. Бесігінді түзе: Роман-эссе. – Алматы: «Жазушы», 1997. – 560 б.
- 10 Сапаралы Б. Құнанбай қажы [Мәтін] / Б. Сапаралы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1995. – 298 б.
- 11 Нұрқатов А. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. Т. 1. – 384 б.
- 12 Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі. – Алматы: «Білім», 1986. – 55 б.
- 13 Қирабаев С. Абайтанудың кезекті міндеттері туралы // Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 336 б.

Материал 16.03.2023 баспаға түсті

### REFERENCES

- 1 Lugovtsov N.P. (1964) *Tvorchestvo Ol'gi Forsh* [Creativity of Olga Forsh.] – Leningrad: "Lenizdat".
- 2 Tseitlin A.G. (1962) *Trud pisatelya* [Tekst]: Voprosy psihologii i tvorchestva, kul'tury i tekhniki pisatel'skogo truda. [The writer's work [Text]: Questions of psychology and creativity, culture and technique of writer's work]. – М.: "Soviet writer".
- 3 Balzac O. *Sobranie sochinenij* [Collected works] [Text]: in 15 volumes: translated from French / Honore de Balzac; edited by N. Nemchinova; intro. article by A. Ivashchenko, S. V-XLI. – М.: Goslitizdat, 1951-1955. Vol. 10: Human Comedy; Vol. 10: Scenes of Parisian life; Poor relatives (Cousin Betta; Cousin Pons) / trans. from fr. edited by N.M. Zharkova; note by I. Lileeva.
- 4 *Shygarmalarynyñ elu tomdyq tolyq jinagy* [A complete collection of works by Auevov M.] O. (2014) In Fifty volumes. Volume 22. Book 1. The way of Abai:a novel-epic. - Almaty: "era"; "Silk Road". (In Kazakh)
- 5 Auevov M. O. (1997) *Abaidy bilmek paryz ojly zhasqa* [text]: the life of Ibrahim Kunanbayuly. Training manual / comp. "I Don't Know," He Said. - Almaty: "Sanat", - 416 P. (In Kazakh)

6 Auezov M. (1959) *Moya rabota nad romanami ob Abae* [My work is related to the novels of Abai // "issues of literature"], – No. 6. – SS. 93–110. (In Kazakh)

7 Navoi A. (1978) *Izbrannaya* [lyrics] - Tashkent: "Izdatelstvo TSK KP Uzbekistan", - 136 P. (In Kazakh)

8 *Shygarmalarynyñ elu tomdyq tolyq jinagy* [A complete collection of works by Auezov M.] O. (2003) In Fifty volumes. Volume 10. - Almaty: "Science", - 456 P. (In Kazakh)

9 Zhurtbay T. (1997) *Fix your Cradle: novel-essay*. - Almaty: "writer", - 560 P. (In Kazakh)

10 Saparaly B. (1995) *Kunanbai kazhy* [text] / B. Saparaly. - Almaty: "er-Daulet", – 298 P. (In Kazakh)

11 Works Of Nurkatov A. (2013) - Almaty: publishing house" Ana Tili " LLP, Vol. 1. – 384 P. (In Kazakh)

12 Kabdolov Z. (1986) *Mukhtar Auezov and his world of beauty*. - Almaty: "Education", - 55 p. (In Kazakh)

13 Kirabaev S. (1994) *On the next tasks of Abay Studies* // in the book: *Abay and modernity: a collection of studies*. - Almaty: "Science", - 336 P. (In Kazakh)

### **Образ Кунанбая в романе-эпосе М. Ауэзова «Путь Абая»**

А.Т. Кажыбай<sup>1</sup>

<sup>1</sup>кандидат филологических наук, профессор-ассистент кафедры «Казахского языка и литературы», НАО Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: [yannon-fiction@yandex.kz](mailto:yannon-fiction@yandex.kz)

*В статье подробно сравниваются факты о Кунанбае в работах М. Ауэзова с более ранними и последними исследованиями, изучается образ Кунанбая в романе-эпосе с точки зрения исторической реальности и художественного решения, рассматривается проблема исторического переплетения и характера. Мастерство М. Ауэзова в создании образа Кунанбая сопоставляется с поэтическим опытом классиков мировой литературы, выявляются взаимосвязи и различия между исторической реальностью и литературно-художественной реальностью, анализируются аналитический и синтезирующий характер.*

*В работе также рассматриваются особенности эпохи, ее влияние на жизнедеятельность Кунанбая, представления, размышления царских чиновников той эпохи о Кунанбае, его преемственность с реалиями своего времени, всестороннее комплексное изучение жизни и деятельности Кунанбая. Особое место в связи с этим занимает трактовка психологически сложного и диалектически противоречивого образа Кунанбая, который до последнего времени рассматривался односторонне, только в узком классовом диапазоне.*

*Ключевые слова: роман-эпосея, образ, эпический образ, исторический роман, историческая реальность, историческая личность, диалог, полилог, конфликт, психологический анализ, художественное решение*

Материал поступил в редакцию журнала 16.03.2023

### **The image of Kunanbai in M. Auezov's epic novel "The way of Abai"**

A.T. Kazhybai<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the Department «Kazakh Language and Literature», Kokshetau University named after Sh . Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6018-8784>, E-mail: [yannon-fiction@yandex.kz](mailto:yannon-fiction@yandex.kz)

*The article compares the facts about Kunanbai in the works of M. Auezov with earlier and recent studies. It examines the image of Kunanbai in the epic novel from the point of view of historical reality and artistic solutions dealing with the problem of historical interweaving and*

*character. The skill of M. Auezov in creating the image of Kuananbai is compared with the poetic experience of the world literature classics. The article reveals the interrelations and differences between historical and literary artistic reality, it analyzes the analytical and synthesizing character.*

*The work also examines the features of the epoch, its influence on the life of Kuananbai, the ideas, reflections of tsarist officials about Kuananbai. The paper describes realities of the time, presents a comprehensive study of Kuananbai's life. A special place in this regard is occupied by the interpretation of the psychologically complex and dialectically contradictory image of Kuananbai, which until recently was viewed one-sidedly.*

*Keywords: epic novel, image, epic image, historical novel, historical reality, historical personality, dialogue, polylogue, conflict, psychological analysis, artistic solution*

Received: 16.03.2023

FTAMP 17.71.07

DOI: 10.59102/kufil/2023/iss1pp35-44

**Б.С. Рахымов<sup>1</sup>, О.А. Казжанова<sup>2</sup>, Г.Т. Глеубердина<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.к., профессор, «Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ» КЕАҚ, Қарағанды қаласы, 040000, Қазақстан Республикасы.

<sup>2</sup>магистрант, «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы, [kazzhanova.orynbasar@mail.ru](mailto:kazzhanova.orynbasar@mail.ru).

<sup>2</sup>ф.ғ.к., қауымд. профессор (доцент), «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Көкшетау қаласы, 020000, Қазақстан Республикасы, [guldentleuberdina@inbox.ru](mailto:guldentleuberdina@inbox.ru).

## ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІ

*Мақалада автор тарихи жырдағы билеуші бейнесін «Сабалақ», «Абылай хан жыры», «Абылайдың Қалдан Серенге тұтқынға түсуі» тарихи жырлары арқылы талдау жасаған. Ұлт болмысын айқындайтын елдіктің символы бола білген қазақтың ханы Абылай бейнесі тағылымды өмірімен жас ұрпаққа өнеге екені анық. Автор қазақтың тарихи жырындағы эпикалық хан бейнесін Абылайханға арналған шығармаларды талдау арқылы көрсетті. Тарихи эпостың XV ғасырдан бастау алатынын айта отырып, қазақ ауыз әдебиетіндегі эпикалық билеуші бейнесі Абылайдың кезеңінде жүзеге асқандығын, ауызша әдеби-тарихи мұралардың белгілі бір тарихта болған шындықты көрсете алғандығын нақтылай түседі.*

*Кілт сөздер: хан, тарихи жыр, билеуші бейнесі, арман, мақсат, мүдде, ерлік, жорық, батырлар, қазақ фольклоры.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Туған еліміздің асыл да бай мұрасы ауыз әдебиетімен тығыз байланысты. Соның бірегейі – тарихи жырлар. Бұл жырлардағы басты негіз, көтерілетін басты тақырып – тіршілікте, күнделікті өмір тәжірибесінде болған саяси, әлеуметтік жағдайы еді.

Кеңес заманында еліміз үшін қызмет еткен тұлғалы тарихи бейнелер түсіндіріліп, өз бағасын лайықты ала алмай, әділетсіздікке ұшырағаны мәлім. Ұлттың тағдыры, дербестігі мен бүтіндігі, ел жұрттың азаттығы, ұлы мұрат жолындағы бір тудың астындағы алаш арманы деген түбі бірлікке бастайтын тарихтан бөлек түсіндіріліп насихатталды.

## КІРІСПЕ